

**Жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарындағы
білім алушылардың арасында Құстар күніне арналған
«Құстар білгірі» тақырыбында сырттай экологиялық байқаудың
баспасөз хабарламасы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы жалпы білім беретін мектептер мен қосымша білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың арасында Құстар күніне арналған Құстар білгірі» тақырыбында сырттай экологиялық байқаудың www.ziyatker.kz сайтында 2014 жылғы **24 ақпан – 10 сәуір** аралығында өткізді.

Байқау мақсаты: балалардың биологиялық ғылымдарына қызығушылығын қалыптастыру, орнитологиялық фаунаны сақтау және табиғатқа ұқыпты қарауын тәрбиелеу.

Міндеттері:

- биологиялық ғылымдарды зерттеу қызығушылығын таныту;
- құстарды қорғау идеясын насихаттау;
- жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарында оқу-зерттеу жұмысын дамыту;
- дарынды балаларды анықтау және оларға қолдау көрсету.

Байқауға 8-17 жастағы білім алушылар жас санаттары бойынша қатыса алады:

- кіші жастағы санат: 8-11 жас;
- орта жастағы санат: 12-14 жас;
- жоғарғы жастағы санат: 15-17 жас.

Байқау мына номинациялар бойынша өткізіледі:

- «Оқушының орнитология бойынша зерттеу жұмысы»;
- «Орнитология бойынша компьютерлік презентация»;
- «Құстар ұшып келді» бейнеклип байқауы;
- «Біздің өлкенің құстары!» суреттер байқауы.

Байқаудың қорытындысы бойынша жеңімпаздар тиісті дәрежелі дипломдармен марапатталды. Әр номинацияда 3 жеңімпаз (1, 2, 3 орындар) анықталды. Қатысушылардың барлығына электрондық пошта арқылы онлайн-сертификаттар жіберілді.

Байқау жұмыстары 2014 жылғы 10 сәуірге дейін балаларға арналған www.ziyatker.kz ғылыми-танымдық сайтта орналастырылды немесе nt_ekotur@mail электрондық поштаға жіберіледі, сондай-ақ мына мекен-жай бойынша қабылданды: 010000, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 16/1, «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

Анықтама үшін: тел/факс 8(7172) 44-53-42.